

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Түрікменстанның Қаржы министрлігі арасындағы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы өзара әрекеттестік туралы КЕЛІСІМ

Келісім, 2017 жылғы 18 сәуір

(2017 жылғы 18 сәуірде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2017 ж., № 3, 37-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Түрікменстанның Қаржы министрлігі,

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ осы қылмыстық қызметпен байланысты өзара мүдделілікті негізге ала отырып, неғұрлым тиімді тәсілмен ынтымақтастықты жүзеге асырудың қажеттілігін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар әр мемлекеттердің заңнамаларын және халықаралық міндеттемелерін сақтай отырып, өз құзыреті шегінде іс-қимыл жасай отырып осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өзара іс-қимылды, оның ішінде ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар өзара іс-қимылды, оның ішінде оларға қатысты қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен терроризмді қаржыландырумен немесе онымен байланысты қылмыстық қызметпен байланысты деген күдік болған өз билігіндегі ақша қаражатымен немесе өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау кезеңдерінде ақпарат алмасуды, сондай-ақ осы операцияларды жасауға қатысатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпарат алмасу бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

3-бап

1. Ақпарат алмасу, оның ішінде мәтінді беретін техникалық құралдарды пайдалану арқылы Тараптардың келісімі бойынша Тараптардың бастамасымен немесе сұратуы негізінде жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

2. Сұратуда қамтылатындар:

а) сұраушы Тараптың атауы;

ә) сұратылатын Тараптың атауы;

б) сұрату мәнін қысқаша мазмұны және оның негіздемесі (егер сұрату шұғыл деп табылса, онда ол мұндай жеделдіктің қажеттігін негіздеуге міндетті);

в) сұратылатын ақпараттың мазмұнының сипаттамасы;

г) сұратылған ақпаратты пайдаланудың мақсаты;

ғ) оны орындау үшін қажетті басқа да ақпарат.

3. Қажет болған жағдайда сұратылатын Тарап сұрау салынған Тараптан сұратуды тиісінше орындау үшін қажет қосымша ақпаратты сұрата алады.

4-бап

1. Егер сұратуды орындау сұратылып отырған Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа мүдделеріне залал келтіретін болса, сұратылатын Тарап мемлекетінің заңнамасына және (немесе) халықаралық міндеттемелеріне қайшы келсе, сондай-ақ сұратылатын Тарап мемлекетінде сұратуда көрсетілген фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеу (тексеру), сот талқылауы жүріп жатса, оны орындаудан толықтай немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

2. Егер сұрау салынатын Тарап сұратудан орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бұл туралы мұндай шешім қабылдаудың себептерін көрсете отырып, сұратушы Тарапты хабардар етеді.

5-бап

1. Осы Келісім шеңберінде алынған ақпарат оны беріп отырған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ол сұратылған және берілген мақсаттан өзге мақсаттарда пайдаланылмайды.

2. Осы Келісім шеңберінде алынған ақпарат құпия болып табылады және оған ұлттық көздерден алынған осындай ақпаратқа қатысты алушы Тарап мемлекетінің заңнамасында көзделген қорғау режимі қолданылады.

3. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын және халықаралық міндеттемелерін басшылыққа ала отырып, осы Келісім шеңберінде алынған ақпаратты жоюдан, өзгертуден, жариялаудан, сондай-ақ кез келген өзге заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған қажетті ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асырады.

4. Осы Келісім шеңберінде алынған ақпарат оны беру мақсатынан талап етілетін мерзімнен ұзақ сақталмайды. Ақпарат Тараптар мемлекетінің әрқайсының нормативті құқықтық актілеріне сәйкес жойылуы тиіс.

6-бап

1. Тараптар үшін ақпарат алмасуында әр Тараптар мемлекетінің заңнамасында көрсетілген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен және терроризмді қаржыландырумен немесе онымен байланысты қылмыстық қызметпен байланысы бар тұлғалар, операциялар және мәмілелерге қатысты қамтылады.

2. Осы бапта көрсетілген ақпарат қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен және терроризмді қаржыландырумен немесе онымен байланысты қылмыстық қызметпен байланысты істерге ғана қатысты сотқа дейінгі және сот мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

3. Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасына сәйкес ақпарат беру тәртібін бірлесіп айқындайды және осы Келісімді іске асыру мәселесі бойынша консультациялар жүргізеді.

4. Тараптар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Тараптардың заңнамасы туралы өз бастамасы немесе сұрату бойынша ақпарат алмасады, сондай-ақ өзге де техникалық жәрдем көрсетеді.

7-бап

1. Тараптар өзара уағдаластық негізінде тәжірибе алмасу үшін конференциялар мен семинарлар және өзара қызығушылық танытқан мәселе бойынша талқылаулар өткізе алады.

2. Осы Келісім өзге де өзара тиімді ынтымақтастық нысандарын жасауға және дамытуға кедергі келтірмейді.

8-бап

1. Осы Келісім шеңберінде Тараптар арасындағы өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасу орыс тілінде жүзеге асырылады.

2. Тараптардың мемлекеттік тілдерде құжаттарды ресімдегенде орыс тіліндегі куәландырылған аудармасын қоса беру қажет.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша, осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар осы Келісімнің 12-бабына сәйкес күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруде немесе қолдануда Тараптарда туындайтын даулы мәселелері бойынша, Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

11-бап

Осы Келісім олар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысының құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

12-бап

1. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісімнің қолданылуын Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, тоқтатады. Осы Келісім екінші Тарап осындай хабарламаны алған күннен бастап 90 күн өткеннен кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Осы Келісімнің қолданылуы уақытында алынған ақпараттың құпиялылығы туралы ережелері осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылғаннан кейін келесі 10 жыл бойы күшінде қалады.

2017 жылы 18 сәуірде Астана қаласында екі түпнұсқа данада қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
үшін

(Қолдары)

Түрікменстанның Қаржы
министрлігі үшін